

Жол жұмыстарына конкурс (мердігерлік сауда-саттық) ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің 1998 жылғы 18 маусымдағы N 123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 27 шілдеде N 554 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 491-І бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Жол жұмыстарына арналған конкурстарды (мердігерлік саудаларды) ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1998 жылғы 18 маусымдағы N 123 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 554 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын...

Министр

Осы "Ереже" жол жұмыстары кешенін (қызмет көрсету) орындау, немесе басқа да жол жұмыстарына конкурс (мердігерлік сауда-саттық) әзірлеудің, ұйымдастырудың және жүргізудің тәртібін анықтайды.

Ереже "ҚазжолҒЗИ" АҚ-да әзірленді

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Жол жұмыстарына конкурс (мердігерлік сауда-саттық) ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы Ереже", бұдан әрі қарай "Ереже", Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі "Мемлекеттік сатып алу" N 163-1 Z970163_ ЗҚР Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 ақпандағы N 141 P980141_ "Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсету түрлерін мемлекеттік сатып алу Тәртібін" бекіткен қаулысына сәйкес дайындалды.

2. Мемлекеттік сатып алу - тапсырысшы ретінде мемлекет меншігіне Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттерінің, сондай-ақ бюджеттік емес қорлар қаржысы есебінен тауар, жұмыс және қызмет көрсету түрлерін сатып алу болып табылады.

3. Аталмыш Ереже Жол қоры қаражаты есебінен жол жұмыстарына конкурс ұйымдастыру ретін белгілейді.

4. Жол жұмыстарына конкурс өткізудің ретін жүргізуді жүзеге асыруға кіріспес бұрын конкурсты ұйымдастырушы (тапсырысшы) мыналарды орындауға міндетті:

- өкілетті орган бекіткен жұмыс, қызмет көрсету түрлері мен көлемдері, сондай-ақ жол жұмыстарын қаржыландыру көлемдері негізінде конкурс өткізу жөнінде шешім қабылдау;

- жол жұмыстарына тапсырыс беру шартын белгілеу және оларды жүзеге асырудың әдістерін таңдап алу.

5. Жол жұмыстарына конкурс өткізудің мынадай тәртібі белгіленеді (Көліккомминінің 1998 жылдың 6 мамырындағы N 96 бұйрығы):

5.1. Республикалық жол желісінде жол салудың, қайта жаңартудың, күрделі, орташа жөндеудің және жолдар мен жол құрылыстарын ұстаудың жұмыс құны:

- Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған есепті көрсеткіштің мың есесіне дейінгі мөлшерде болғанда қазыналық автожолы кәсіпорындары өткізеді;

- есепті көрсеткіш мың еседен жоғары болса - Қазақстан Республикасы Көліккоммині ұйымдастырған комиссия өткізеді.

5.2. Жергілікті автожол желісінде жоғарыда аталған жұмыстарды орындау жөніндегі конкурстары:

- есепті көрсеткіштің мың есесіне дейінгі мөлшерде болғанда - қазыналық автожолы кәсіпорындары;

- құны бұдан жоғары болғанда жергілікті мемлекет органдары өткізеді.

5.3. Төтенше жағдай кездескенде (апат, тасқын су бұзылыстары, сол тектес басқа бұзылыстар) қазыналық автожол кәсіпорындарының директорларына қалпына келтіру жұмыстарын, жұмыс жүргізушілерден барлық керекті баға негіздемелерін сұрап алу арқылы, конкурс жарияламай-ақ жүргізуге құқық береді.

6. Жол жұмыстары кешенін (қызмет көрсету) немесе жол жұмыстарының жеке түрлеріне тапсырыс орналастыру конкурсы үш және одан көп қатысушылардан мердігер таңдап алу мақсатында өткізіледі. Сөйтіп тапсырысшы қаржысының неғұрлым тиімді пайдаланылуына және оның жұмыс орындалуы (мерзімі, сапасы, және т.б.) жөнінде қоятын талаптарының мүмкіндігінше қадағалауына қол жетеді.

7. Конкурсқа мына заңды және жеке тұлғалардың қатысуына тыйым салынады:

- банкрот болғандар;

- тапсырысты орындау үшін керекті қызмет түріне арналған лицензиясы

ж о қ т а р ;

- конкурс комиссиясының мүшелері.

II. Жол жұмыстарына конкурс жүргізу процесін ұйымдастыру Алдағы конкурс туралы хабарландыру

8. Ашық конкурсты жүргізу кезінде конкурсты ұйымдастырушы ресми баспасөзде осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін бір айдан кешіктірмей хабарландыру жариялауға міндетті.

9. Жабық конкурс әдісімен жүргізу кезінде конкурсты ұйымдастырушы осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін бір айдан кешіктірмей потенциалды мердігерлерге жазбаша хабарлама жіберуге міндетті.

10. Алда болатын конкурс туралы хабарландыру (жазбаша хабарлама) мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

- 1) конкурс ұйымдастырушының аты және орналасқан жері;
- 2) ұйғарылып отырған жол жұмыстарының (қызметінің) көлемі мен түрлері;
- 3) жұмысты орындаудың талап етілетін мерзімдері мен кестесі;
- 4) конкурстық құжаттаманы алу орны және тәсілі;
- 5) конкурсты өткізу орны және уақыты;
- 6) потенциалды үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары;
- 7) басқа да қажетті ақпарат.

Конкурсқа шетелдік тұрақты өнім беруші орындаушы үміткерлердің қатысатыны болжанып отырса, онда хабарландыру шетел тілінде де жарияланады.

11. Тапсырыс беруші ақпаратының кез келген өзгерісі осы Ереженің 10-тармағы бойынша ашық конкурс болған жағдайда дереу жариялануы немесе жабық конкурс болған мүдірсіз потенциалды үміткерлер хабардар болуы тиіс, бұл ретте конкурстық өтінімді тапсыру мерзімі осындай соңғы өзгерістер туралы потенциалды үміткерлерге хабарлаған күннен бастап есептеледі.

Потенциалды үміткерлердің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар

12. Конкурссты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өздерінің өтініштерін тапсырушы барлық потенциалды үміткерлерден, оның біліктілік талаптарына сай екендігін дәлелдейтін мынадай құжаттарды талап етуге құқылы:

кәсіби білімін, тәжірибесін, атақ-абыройын, сондай-ақ жол жұмыстарын орындау туралы шартта көрсетілген міндеттемелердің орындалуына қажетті қаржылық, материалдық-техникалық және еңбек ресурстары бар екендігін растайтын ұйымның бланкісіне басылған бірінші басшының қолы қойылған хаты (2 - қ о с ы м ш а) ;

потенциалды үміткердің жол жұмыстарын орындауға, қызметтер көрсетуге құқығын дәлелдейтін лицензияның және басқа да құжаттардың көшірмесі;

потенциалды үміткердің қаржылық жағдайы туралы банктің анықтамасы, бюджетке, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа және Жол қорына салық және басқа да міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына жарналар төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындағаны туралы салық органының анықтамасы. Осы анықтамалар өткізілетін конкурс туралы хабарланған күннің алдындағы соңғы ай бойынша беріледі.

13. Біліктілік талаптары жөніндегі ақпараттың толымсыз, дәл емес немесе жалған екені анықталған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы потенциалды үміткерді конкурсқа қатыстырмауға құқығы бар.

14. Конкурсты ұйымдастырушы біліктілік талаптарын түзген кезде, егер республикада тиісті конкурстық орта бар болса, ұлттық қауіпсіздік, сондай-ақ отандық жол салушыларды қолдау тұрғысынан тек қазақстандық потенциалды үміткерлермен ғана шектелуге құқылы.

Потенциалды үміткерлерге конкурсты ұйымдастырушы ұсынатын конкурстық құжаттама

15. Конкурсты ұйымдастырушы әзірлеген және потенциалды үміткерлерге ұсынатын конкурстық құжаттама белгіленген конкурстық құжаттама нысандарына сәйкес орындалуы және мынадай ақпараттарды қамтуы тиіс:

- потенциалды үміткердің осы Ереженің 12-тармағына сәйкес құжаттарды беруі туралы талап;

- қажетті маманданымдарды, жоспарларды, сызбаларды, нобайлар мен халықаралық немесе ішкі стандарттарды қоса алғанда, сатып алынатын жұмыстар мен қызмет көрсетулердің техникалық және сапалық сипаттамалары;

- жұмыс көлемі;

- жұмыстар орындалатын, қызметтер көрсетілетін орын;

- жол жұмыстарын орындайтын жері, қызметтер көрсету мерзімдері;

- орындалуға тиіс кез келген ілеспе қызмет көрсетулер;

- конкурстық өтінімнің бағасы көрсетілуі мүмкін валюта немесе валюталар және конкурстық өтінімнің бағасын бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын бағам;

- конкурстық өтінім осы Ереженің 52-тармағына сәйкес қызмет көрсету бағасынан бөлек басқа да элементтерді өзіне қамтуға тиіс пе (мүмкін бе) деген ескертпемен қоса негізінде ұтып шыққан конкурстық өтінім анықталатын өлшемдер тізбесі. Бұл ретте осы Ереженің 53-62-тармақтарына сәйкес тапсырыс берушімен бірлесе отырып конкурсты ұйымдастырушы белгілейтін осы элементтерді құндық көрсеткішке келтіру проценті көрсетіледі;

- егер конкурстық құжаттамада жұмыстардың және қызмет көрсетулердің балама сипаттамасы, балама келісімнің шарттары немесе басқа да талаптары

болған жағдайда тиісті нұсқау және балама конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру тәсілінің сипаты;

- потенциалды үміткердің конкурстық өтінімін қамтамасыз етудің мазмұны мен нысаны;

- конкурстық өтінімді тапсырудың әдісі, орны және мерзімі;
- потенциалды үміткер конкурстық құжаттамаға байланысты түсініктеме сұрай алатын әдістері;

- қажет болған жағдайда конкурстық өтінім беру мерзімі аяқталғанға дейін потенциалды үміткердің конкурстық өтінімін өзгертуге немесе қайтарып алуға құқығының бар екендігін көрсету;

- конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашу орны, күні, уақыты және рәсімі, сондай-ақ оларды қарау рәсімдері мен мерзімдері;

- конкурсты ұйымдастырушының конкурстық өтінімдерді қабылдауға уәкілетті лауазымды адамдарының аты-жөні, телефоны, бөлме нөмірі, тұратын жерінің мекен-жайы.

16. Конкурсты ұйымдастырушы тапсырысшы конкурс құжаттамасын бергені үшін конкурс ұйымдастырушының оны әзірлеуге, бастыруға және таратуға жұмсаған шығынынан аспайтын мөлшерде ақы алуға құқылы.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету

17. Егер тапсырыс беруші (конкурсты ұйымдастырушы) конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ақысын төлеуді талап етсе, онда мұндай талап барлық потенциалды үміткерлерге қатысты болуы тиіс.

18. Конкурс өтінімін қамтамасыз етудің мазмұны мен нысанын конкурсты ұйымдастырушы белгілейді (қамтамасыз ету мөлшері күтіліп отырған жол жұмыстары көлемінің жалпы сомасының 5 процентінен аспайтын сомада белгіленеді). Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мына түрде берілуі мүмкін:

- қолма-қол ақша қаражаты;
- банк кепілдігі;
- мүлік кепілдігі;
- бағалы қағаздар және басқалар.

19. Конкурсты ұйымдастырушы потенциалды үміткерге конкурс өтінімін қамтамасыз ету ақысын мынадай жағдайларда қайтарады:

- конкурс өтінімінің қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- жол жұмыстары туралы шарт күшіне енгенде;
- сауда-саттық рәсімі конкурс жеңімпазы анықталмай тоқтатылғанда;
- конкурстық құжаттамада конкурстық өтінімді кері қайтарып алу мүмкіндігі болған жағдайда конкурстық өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін конкурстық өтінімді кері қайтарғанда;
- басқа потенциалды үміткер конкурстың жеңімпазы болып анықталса.

20. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ақысы осы Ереженің 19-тармағындағы жағдайлардың бірі туындаған сәттен бастап бес жұмыс күнінің ішінде қайтарылады, ал конкурс жеңімпазының конкурстық өтінімін қамтамасыз ету ақысы жол жұмыстары туралы шарт жасасқаннан кейін бес жұмыс күнінің ішінде қайтарылады. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету ақысына арналған проценттер оның конкурсты ұйымдастырушыда болған кезеңі үшін есептелмейді.

21. Егер потенциалды үміткер:

- конкурстық өтінімді берудің соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін конкурстық өтінімді кері қайтарса немесе өзгертсе;

- конкурстық құжаттамада қарастырылмаған жағдайда, конкурстық өтінімді берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін конкурстық өтінімді кері қайтарса немесе өзгертсе;

- конкурс жеңімпазы деп анықталғанымен жол жұмыстары туралы шартқа қол қоймаса, конкурсты ұйымдастырушы потенциалды үміткерлерге ол төлеген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтармайды.

Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру

22. Потенциалды үміткер конкурс өтінімін берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейінгі 10 күннен кешіктірмей конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуға құқылы. Конкурсты ұйымдастырушы потенциалды үміткердің осындай сұрауына үш күн мерзім ішінде жауап беруге және сұрау салу кімнен түскенін көрсетпей конкурс ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы берген барлық потенциалды жабдықтаушыларға осындай түсінік беруі тиіс.

23. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін кез келген уақытта өз бастамасымен, не қандай да бір потенциалды үміткер тарапынан жіберілген түсіндірме беру туралы сауалға жауап ретінде толықтыру шығару арқылы конкурстық құжаттаманы өзгертуге құқылы. Толықтыру дереу (яғни ол қабылданған күні) конкурсты ұйымдастырушы конкурс құжаттамасын берген барлық потенциалды үміткерлерге хабарланады және оның мұндай потенциалды үміткерлер үшін міндетті күші болады, бұл ретте конкурс құжаттамасын беру мерзімі осындай соңғы толықтырулар туралы потенциалды үміткерлерге хабарлаған күннен бастап есептеледі.

Конкурстық өтінім

24. Потенциалды үміткер конкурсты ұйымдастырушыға ұсынатын конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың белгіленген нысандарына сәйкес орындалуға және мынадай ақпараттарды қамтуға тиіс (3-қосымша):

1) техникалық маманданымдарды, жоспарларды, сызбаларды, нобайлар мен

халықаралық және ішкі стандарттарға сілтемелерді қоса алғанда, ұсынылатын жұмыстардың, қызмет көрсетулердің техникалық және сапалық сипаттамалары;

2) жұмыс көлемі;

3) жұмыстар орындалатын, қызметтер көрсетілетін орын;

4) жұмысты орындаудың, қызметтер көрсетудің мерзімдері;

5) жұмыстардың, қызмет көрсетулердің бағасы;

б) конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес басқа да қажетті ақпараттар.

25. Потенциалды конкурстық өтінімді жабық конвертте, конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде ұсынады.

26. Конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзім ішінде күшінде болады.

27. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімнің күшінде болған мерзімі аяқталғанға дейін потенциалды үміткерлерден осы мерзімді қосымша нақты уақыт кезеңіне ұзартуды өтіне алады. Потенциалды үміткерлер мұндай сұрау салудан конкурстық өтінімді қамтамасыз етуге өздері өткізген ақыны қайтарып алу құқығын жоғалтпай-ақ бас тарта алады және оның конкурстық өтінімінің күшінде болу мерзімі ұзартылмаған қолданылу мерзімі біткеннен кейін аяқталады.

28. Егер конкурстық құжаттамада мұндай мүмкіндік қарастырылған болса, онда потенциалды үміткер конкурстық өтінімді қамтамасыз етуге өзі өткізген ақыны қайтарып алу құқығын жоғалтпай-ақ конкурстық өтінімді берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгертуі немесе қайтарып алуы мүмкін. Егер конкурсты ұйымдастырушы қайтарып алу туралы мұндай өзгерісті немесе хабарламаны конкурстық өтінімді берудің соңғы мерзіміне дейін алған болса, онда оның күші бар болып табылады.

29. Потенциалды үміткер конкурстық өтініммен бірге:

- егер мұндай талап конкурстық құжаттамада көзделген болса, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді;

- потенциалды үміткердің кәсіптік талаптарға сәйкестігін растайтын құжатты ұсынуға тиіс (Ереженің 12-тармағы).

30. Конкурсты ұйымдастырушы осы Ереженің 25 және 29-тармақтарының талаптарын бұза отырып ұсынылған конкурстық сұраныстарды қарамауға құқылы.

Конкурстық өтінімдерді конкурстық комиссияның қарауы және конкурс жеңімпазымен жол жұмыстары туралы шарт жасасу

31. Конкурстық өтінімдерді қарауды қамтамасыз ету және конкурс жеңімпазын анықтау үшін конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан

Республикасының Үкіметі бекіткен конкурс комиссиясы туралы Ережеге сәйкес жұмыс істейтін конкурстық комиссияны құрады (4-қосымша).

32. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін конкурстық комиссия конкурстық құжаттамада белгіленген күнде және сағатта конкурстық өтінімдерді ұсынған барлық потенциалды үміткерлердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашады.

33. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашу рәсімінде қатысушыларға конкурстық өтінім ұсынған потенциалды үміткерлердің атаулары мен орналасқан жерін және олар ұсынған конкурстық өтінімдердің бағаларын хабарлайды.

34. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер бар конвертті ашқан күннен бастап 10 күннен асырмай конкурсты қорытындылайды.

35. Конкурстың қорытындысы конкурстық комиссия мен конкурс жеңімпазы қол қоятын конкурстық құжаттаманың белгілеген нысандарына сәйкес конкурстық комиссия отырысының хаттамасы түрінде рәсімделеді (5, 6, 7-қосымшалар). Аталған хаттамада:

- конкурс жеңімпазының атауы мен орналасқан жері;
- осы Ереженің 37-тармағында көзделген жағдайда ұсынысы конкурс жеңімпазынан кейін артықшылықты болып қабылдануы мүмкін олардың басымдығы тәртібінде конкурсқа қатысушылардың атауы мен орналасқан жері;

- жол жұмыстары туралы шартқа қол қойылуға тиісті 15 күннен аспайтын, конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап есептелетін мерзім көрсетіледі;

- Егер конкурс осы Ереженің 14-тармағына сәйкес қатысушылардың шектеулі санымен өткізілетін болса, онда хаттамада мұндай шешімнің негіздемесі көрсетіледі.

36. Тапсырыс беруші конкурс жеңімпазы деп танылған потенциалды үміткерге жол жұмыстары туралы шарттың конкурстық құжаттаманың белгіленген нысандарына сәйкес әзірленген жобасын жібереді.

37. Егер конкурс жеңімпазы жол жұмыстары туралы шартқа конкурс комиссиясы отырысының хаттамасында осы шартқа қол қою үшін белгіленген мерзімде қол қоймаса, тапсырыс берушінің аталған мерзім өткеннен кейінгі 7 күннен кешіктірмей осы Ереженің 35-тармағына сәйкес конкурстық комиссия отырысының хаттамасында көрсетілген, ұсынысы конкурс жеңімпазынан кейін неғұрлым артықшылықты деп танылған конкурстың басқа қатысушысымен жол жұмыстары туралы шарт жасасуға құқығы бар. Бұл ретте жұмыстары туралы шартта конкурсқа қатысушыны жұмыстарды, қызмет көрсетулерді беруші ретінде таңдап алудың себептері мен негіздемесі көрсетіледі.

38. Екі жақтың жол жұмыстары туралы шартқа конкурс жеңімпазы айқындалған талаптардан өзгеше қандай да бір өзгерістер енгізуге құқығы жоқ.

III. Жол жұмыстарына конкурс нысанын таңдау

39. Конкурсты ұйымдастырушы нақтылы жол жұмыстарының шарттарына сүйене отырып, конкурстың мынадай үлгілерінің бірін белгілеуі керек:

1) жобалау жұмыстарына, құрылыс, жөндеу, жолды күту жұмыстарына жабдықтарды жеткізуге жекелеген конкурстар;

2) жабдықтарды жеткізу мен құрылыс-монтаж жұмыстарын қоса алғанда, жобалау жұмыстары мен құрылыс объектілеріне жекелеген конкурстар;

3) жол жұмыстарын "даяр қалпында" тапсыруға конкурс.

40. Егер салынуға тиісті объект кең таралған болса, осы Ереженің 39-тармағының 1-тармақшасы бойынша өткізілетін конкурстың нысаны қолданылуы мүмкін. Мұндай жағдайда конкурсты ұйымдастырушы жабдықтар беруге және жобалау жұмыстарына жекелеген конкурстар, одан кейін, құрылыс-монтаж жұмыстарына конкурс өткізеді. Бұл ретте қосу-реттеу жұмыстары жабдықтар беру конкурсына немесе құрылыс-монтаж жұмыстарының конкурсына енгізіледі.

41. Осы Ереженің 39-тармағының 2-тармақшасы бойынша конкурстың нысаны, егер салынуы қажет объект мамандандырылған болып табылатын болса қолданылады. Бұл жағдайда конкурсты ұйымдастырушы жабдықтарды жеткізу мен құрылыс-монтаж жұмыстарын қоса алғанда, жобалау жұмыстары мен объектіні салуға жеке конкурстар өткізеді.

42. Осы Ереженің 39-тармағының 3-тармақшасы бойынша конкурстың нысаны, егер салынуы қажет объект арнаулы және ірі немесе сирек болып табылатын болса қолданылады. Бұл жағдайда конкурсты ұйымдастырушы объектіні "даяр қалпында" салуға конкурс өткізеді.

43. Конкурсты ұйымдастырушы объектінің құрылысын салуға конкурс жариялаған кезде нақты жұмыс жағдайы негізінде конкурстың нысанын дербес таңдайды. Бұл ретте конкурстық құжаттамалар мен конкурстың қорытындысы туралы хаттамада конкурстың сол немесе өзге де нысанын қолдануға негіздеме келтірілуі тиіс.

44. Аймақтық сипаты бар жол жұмыстарын жасау жөнінде конкурс өткізу кезінде конкурсты ұйымдастырушы аймақтар бойынша жекелеген конкурстар өткізуге құқылы.

IV. Конкурстық өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру

45. Конкурстық комиссия осы Ереженің 24-тармағының шартты талаптарына сәйкес келетін конкурстық өтінімдерді ғана қарауға қабылдайды.

46. Конкурстық комиссия өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру кезінде

потенциалды үміткерлерден конкурстық өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін конкурстық өтінімдерге байланысты түсіндірме ұсыныуды сұрай алады.

47. Конкурстық комиссия конкурстық мәліметтерді, егер онда конкурстық құжаттамада мазмұндалған сипаттарды, шарттарды және өзге де талаптарды айтарлықтай өзгертпейтін немесе айтарлықтай ауытқушылық болып табылмайтын шағын ауытқушылық болса немесе егер онда конкурстық мәлімдеменің мәнін қозғамастан түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық мәлімдемені формальды талаптарға жауап беретін ретінде қарай алады. Кез келген мұндай ауытқушылық мүмкіндігіне қарай сандық жағынан көрсетіледі және конкурстық өтінімді бағалау және салыстыру кезінде ескеріледі.

48. Шартты талаптарға жауап бермейтін конкурстық өтінімді осы талаптарға сәйкес келтіруге ешқандай сұраныстарға, ұсыныстар жасауға немесе рұқсат етулерге жол берілмейді.

49. Конкурстық комиссия, егер аталған конкурстық өтінім осы Ереженің 47-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда шартты талаптарға жауап бермейтін болса конкурстық өтінімнен бас тартады.

50. Конкурстық комиссия конкурстың жеңімпазын айқындау үшін барлығына өзге тең жағдайлар кезінде бағаны төмендетуге арналған аукцион түрінде потенциалды үміткер арасында конкурс өткізуге құқылы.

51. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысу үшін қабылданған конкурстық өтінімдерді бағалайды, салыстырады және ең төменгі бағаның негізінде немесе бағадан басқа осы Ереженің 15-тармағының 8-тармақшасында көзделген басқа да элементтерді ескере отырып, жеңіп шыққан конкурстық өтінімді айқындайды.

52. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру кезінде конкурстық өтінімнің бағасынан басқа мына элементтерді:

1) конкурстық өтінімдерде ұсынылған жол жұмыстарының мерзімі мен кестесін;

2) конкурстық өтінімдерде ұсынылған төлем шарттарын;

3) жабдықты пайдаланудың кепілді мерзімінің ішінде болжанған пайдалану шығыстарын;

4) ұсынылатын жабдықтың пайдалану сипаты мен өнімділігін;

5) Қазақстан Республикасының шикізат, өндіріс және еңбек ресурстарын пайдаланудың жалпы арасалмағын;

6) шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсетуді;

7) Қазақстан Республикасында жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын құруды;

8) Қазақстан Республикасының басқару, ғылыми және өндірістік кадрларын

д а я р л а у д ы е с к е р е а л а д ы .

Конкурстық комиссия осы тармақта көрсетілген элементтердің осы Ереженің 53-62-тармақтарына сәйкес айқындалған, барлық потенциалды жабдықтаушыларға бірдей мөлшерлерде қолданылатын конкурстық өтінімдердің бағасына әсерін айқындайды.

53. Егер конкурстық өтінімде конкурстық құжаттамада мәлімделген тапсырысшымен салыстырғанда берудің неғұрлым кешірек мерзімі көзделсе, онда конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер құнының белгілі бір процентінің негізінде (талап етілгенмен салыстырғанда кешіктірудің әрбір аптасы үшін 0-ден 2 процентке дейін ұсынылады) бұл кешіктіруді ақшалай түрде білдіруге және берудің неғұрлым жай мерзімі бар конкурстық өтінімнің бағасына қосуы тиіс. Аталған рәсім берудің неғұрлым кешірек мерзімдерін көздейтін әрбір конкурстық өтінімге жеке қолданылады. Мерзімінен бұрын бергені үшін ешқандай жеңілдік көзделмейді.

54. Тапсырыс беруші конкурстық құжаттамада төлемнің шарттарын мәлімдеуі тиіс және конкурстық ұсыныс төлемнің негізгі шарттарына сәйкес бағалануы қажет. Сонымен бірге, конкурстық комиссия потенциалды үміткерге төлемнің баламалы шарттарын ұсынуға рұқсат бере алады, бұл ретте потенциалды үміткер бұндай жағдайда қандай бағалық жеңілдіктерді ұсына алатындығын көрсетуі тиіс.

55. Потенциалды үміткер өзінің конкурстық өтінімінде жабдықты пайдаланудың кепілдікті мерзімі ішіндегі пайдалану шығындарын көрсетуі және оларды есептермен растауы тиіс. Конкурстық комиссия пайдалану шығыстарының құны ең төменгі конкурстық өтінімді айқындауы және басқа конкурстық өтінімдердің бағасына әрбір конкурстық өтінімнің пайдалану шығыстарының құны пайдалану шығыстарының ұсынылып отырған ең төменгі құнынан асатын процентін қосуы тиіс.

56. Потенциалды үміткер жол жұмыстарының (жабдықтаушылардың) конкурстық құжаттарының техникалық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып ұсынылған жабдықтардың немесе атқарылған жұмыстардың пайдалануға кепілдік берілетін кезеңін көрсетуі тиіс. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімнің бағасына, егер конкурстық өтінімде ұсынылған кепілдік кезеңі конкурстық құжаттамада мәлімделген базалық кезеңнен аз болған жағдайда конкурстық өтінімнің бағасына белгіленген процент (әр жыл үшін 0-ден 3 процентке дейін ұсынылады) қосуы немесе кепілдік берілген кезең базалықтан көп болса алып тастауы тиіс.

57. Егер конкурстық өтінімде конкурстық өтінімдердің бағасының 30 және одан астам мөлшерінде Қазақстан Республикасының шикізаттық, өндірістік және /немесе еңбек ресурстарын пайдалану ұсынылса, онда конкурстық комиссия

мұндай конкурстық өтінімдердің бағасын белгіленген процентке (0-ден 3 процентке дейін ұсынылады) кемітеді.

58. Егер конкурстық өтінімде құны конкурстық өтінімдер бағасының 30 және одан астам проценті мөлшерінде Қазақстан Республикасында жаңа өндірістік және жұмыс орындарын құру ұсынылса, онда конкурстық комиссия мұндай конкурстық өтінімдердің бағасын белгіленген процентке (0-ден 3 процентке дейін ұсынылады) кемітеді.

59. Егер конкурстық өтінімде конкурстық өтінімнің бағасының 10 және одан астам проценті мөлшерінде Қазақстан Республикасында басқару, ғылыми және/немесе өндіріс кадрларын даярлауды жүзеге асыру ұсынылса, онда конкурстық комиссия мұндай конкурстық өтінімнің бағасын белгіленген процентке (0-ден 0,1 процентке дейін ұсынылады) кемітеді.

60. Осы Ереженің 44-тармағында көзделген жағдайларда конкурстық комиссия конкурстық өтінімнің бағасын белгіленген процентке (0-ден 0,5 процентке дейін ұсынылады) арттыруы тиіс.

61. Егер конкурстық құжаттамада мұндай көзделсе конкурстық өтінімдерді қарау мен бағалау кезінде конкурстық комиссия жергілікті потенциалды үміткерлердің конкурстық өтінімдерінің бағасын Қазақстан Республикасының аумағында істелінген жол жұмыстарын жасау кезінде шетелдерден осындай тауарларды әкелуді ұсынатын шетелдік потенциалды үміткерлермен салыстырғанда салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуді көрсететін белгілі бір процентке азайта алады (0-ден 10 процентке дейін ұсынылады).

62. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді сандық бағалау үшін осы Ереженің 51-61-тармақтарына сәйкес әрбір конкурстық өтінімнің бағасы мен басқа элементтердің әсерін ақшалай түрде жинақтайды. Жиынтық бағасы төмен конкурстық өтінім жеңіп шыққан болып саналады. Бір немесе бірнеше конкурстық өтінімнің жиынтық бағасы тең болған жағдайда неғұрлым жақсы пайдалану сипаттамасы мен өнімділігі бар жабдықтарды ұсынатын конкурстық өтінімге артықшылық беріледі.

63. Басқа элементтердің конкурстық өтінімнің бағасына жиынтық проценттік әсер етуі осы Ереженің 53, 55-60 тармақтарына сәйкес 10 проценттен аспауы тиіс.

V. Жол жұмыстарына келісім жасау (шарттар)

64. Осы Ереженің 62-тармағына сәйкес конкурстық өтінімі жеңіп шыққан деп танылған тапсырысшы және үміткер (не осы Ереженің 37-тармағына сәйкес ұсынысы конкурс жеңімпазынан кейінгі біршама тартымды деп танылған үміткер) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және конкурстық құжаттамаларда көзделген шарттарда және осы Ереженің 35 және 37

тармақтарында белгіленген мерзімдерде шарт жасасады.

65. Егер конкурстық құжаттамада ондай көзделсе тапсырыс беруші жол жұмыстарын жасау туралы шарт жасасқанға дейін үміткерден осы Ереженің 12-тармағының 3-тармақшасына сәйкес біліктілік талаптарына өзінің сәйкестігін растауды талап ете алады.

VI. Ашық конкурс

66. Ашық конкурс мердігерлік сауда-саттық жүргізудің негізгі тәсілі болып табылады.

67. Ашық конкурс өткізудің рәсімі осы Ереженің I-V тарауларында көрсетілген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

68. Ашық конкурс :

